

**"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 сәуірдегі N 273 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

**1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай конституциялық заңдарына өзгерістер енгізілсін:**

1. "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 21, 124-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 78-құжат; 1999 ж., N 4, 100-құжат; N 10, 342-құжат):

1) 11-баптың 6-тармағындағы "шешімдер қабылдайды" деген сөздер "қаулылар шығарады" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-бапта:

1-тармақтағы "жеке", "дара сипатты" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы "заң күшіне енгізу" деген сөздер "қолданысқа енгізу" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 172-құжат; Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 10, 343-құжат):

9-баптың 10) тармақшасында "Парламентке заң жобасын қарауды шұғыл деп жариялау жөнінде" деген сөздер "заң жобасын қарауды шұғыл деп жариялауға" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Конституциялық заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК